

ПЛАНШЕТТЕРДІ БАПТАУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫ

МАЗМҰНЫ

1.2 ПЛАНШЕТТЕРДІ БАПТАУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ.....	3
1. Планшеттерді баптауға кім жауапты болатынын анықтаңыз.....	3
2. Планшеттерді баптау/инициализациялау.....	3
3. Akeius қолданбасын және оның мазмұнын жүктеу.....	4
4. Планшеттерді мектептерге тарат.....	5

1.2 ПЛАНШЕТТЕРДІ БАПТАУ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛЫҚ

Соңғы нұсқа - 2023 жылғы 22 маусым

Проблеманы баяндау

Оқушылар мен мұғалімдер сыныпта Akelius цифрлық курсы қолданбас бұрын, бірнеше дайындық шараларын орындауы қажет.

Негізгі міндеттер және мақсатты аудитория

- Бұл Нұсқаулық UNICEF, ҰЕҰ, педагогтар және Akelius курсы қолданатындардың барлығына арналған.
- Осы Нұсқаулықта мектептер мен оқу орталықтарына тапсырылғанға **дейін** планшеттерде дайындық жұмыстарын жүргізу жөніндегі бірнеше кезеңдер мен кеңестер берілген.

Іс-қимыл жоспары

1. Планшеттерді баптауға кім жауапты болатынын анықтаңыз.

Бір планшетті баптау шамамен 5 – 10 минутты алады. Бұл уақыт пен арнайы персоналды қажет ететін жүздеген планшеттерді орнату кезінде ескерілуі керек.

Ескерілуі қажет факторлар:

- Планшеттерді баптау және Akelius Digital Courses материалдарын жүктеу бойынша жұмыстарды орындау үшін жергілікті АТ компаниясымен келісімшарт жасасу керек пе (елге байланысты мұндай компаниялар білім министрлігі үшін АТ жабдықтарын баптау және қызмет көрсету жөніндегі базалық келісімшарты бар компаниялар болуы мүмкін).
- UNICEF жобаларында АТ жабдықтарын, цифрлық оқытуды және басқа құрылғыларды пайдалану тұрғысынан АТ компанияларымен ынтымақтастық туралы келісімдер жасалуы керек пе?
- Орындаушы серіктестерге осындай өтінішпен жүгіну керек пе (бюджетті алдын ала жоспарлау және құру үшін қажетті тапсырмалар мен уақытты белгілеу)?
- Егер сатып алу жергілікті нарықта жүзеге асырылса, өнім берушіден планшетке кейбір қолданбаларды алдын ала жүктеуді сұрау керек пе?

2. Планшеттерді баптау/инициализациялау.

Ескерілуі қажет факторлар:

Планшеттердің жұмысын тексеру

- Құрылғылар жаңа болған жағдайда планшеттің жақсы жұмыс істейтініне және сіздің еліңізге сәйкес келетін қосқышы бар қуаттау кабелімен бірге келетініне көз жеткізіңіз.
- Егер жұмыс істемейтін элементтер табылса, сатып алу бөліміне хабарласыңыз.

Түгендеу жасау

- UNICEF жобасы аясында жеткізілетін планшеттерді UNICEF ережелері мен нормаларына сәйкес нөмірлеп, тіркеу қажет болуы мүмкін.

- Планшеттер серіктестерге немесе мектеп мекемелеріне өтеусіз пайдалануға берілсе де, планшеттерді нөмірлеу және олардың нөмірлерін Excel кестесінде сериялық нөмірін, IMEI нөмірін және серіктес(тер) мен планшетті алған мектептің атауын көрсете отырып, тіркеу (i) сынған элементтерді/жөндеуді қажет ететін элементтерді бақылау, (ii) қолда барын бақылау, (iii) планшеттерді сату учаскелері және/немесе серіктестер арасында қайта бөлу үшін пайдалы.

Gmail есеп жазбасы (Android үшін)

- Планшеттерді баптау үшін әдетте Gmail есеп жазбасы (электрондық пошта мекенжайы) қажет. Бұл орындаушы серіктеске тиесілі барлық планшеттер үшін ортақ электрондық пошта мекенжайы болуы мүмкін.

Антивирус

- Қажет болса, антивирусты орнатыңыз.

3. Akelius қолданбасын және оның мазмұнын жүктеу

Akelius-ты офлайн режимінде пайдалану үшін әр планшетте алдын ала жүктелген екі элемент болуы керек:

- Google Play-ден жүктелген Akelius ҚОЛДАНБАСЫ және
- Akelius КУРСЫНЫҢ КОНТЕНТІ (яғни, мұғалім сабақта пайдаланатын тілдік курс(тар), оны Akelius орнатылған қолданбасының көмегімен жүктеуге болады).

Ескерілуі қажет факторлар:

интернет жылдамдығы

- Google Play-ден Akelius қолданбасын жүктеу көп уақытты қажет етпейді.
- Akelius тілдік курсының бүкіл курсын жүктеу бір планшетке бір сағатқа созылуы мүмкін.
- Wi-Fi жақсы болған кезде тілдік курс бір уақытта 4-5 планшетке жүктелмеуі мүмкін.
- Кейбір елдерде контентті жүктеу және жаңарту елордада немесе интернетке қолжетімділік жақсы қалаларда жүзеге асырылуы мүмкін. Басқа жағдайларда, мұны UNICEF үй-жайларында немесе жақсы интернет байланысы бар серіктестерде жасау қажет болуы мүмкін.
- Кейбір жағдайларда Akelius компаниясының АТ бөлімінің ұлттық командаларды жылдам жүктеу құрылғысымен жұмыс істеуді үйрете алады (төменде қараңыз).

Жоспарлау және бюджеттеу

- Қолданбаны және Сізге қажет тілдік курсын (курстарын) барлық планшеттерге жүктеуге кететін уақытты алдын ала жоспарлаңыз.
- Жобаның басында және бүкіл жоба уақытында осы тапсырманы орындауға кім жауапты болатынын анықтаңыз (төмендегі тармақты қараңыз).
- Тілдік курстар үнемі жаңартылып отырады (жаңа мазмұн және т.б.) және жылына екі үлкен жаңарту (**сәуір** және **тамыз**) болады. Жаңа материалдар офлайн режимінде қолжетімді болуы үшін әр планшетті жаңарту қажет. Мұны алдын ала жоспарлап, жауапты адамды тағайындау керек. Егер серіктестердің бірі жүздеген планшеттерді жүктеумен айналысатын болса, онда бұл жұмысты орындау үшін бюджеттен қаражат бөлу қажет болуы мүмкін. Егер мектептерде бірнеше ондаған планшеттер болса, онда мектептер жаңартуды өз бетінше жүргізе алады, бірақ бұл үшін жауапты адамды, дұрысы АТ-ны қолдау жөніндегі маманды тағайындау қажет, өйткені бұл мұғалімдерге өз бетінше орындау үшін өте қиын міндет.
- Қарапайым құралдар мазмұнды инициализациялау/жүктеу процестерін ұйымдастыруға көмектеседі, мысалы, әр инициализацияланған планшетке, әр жүктелген тілдік курсқа

түрлі-түсті стикерлерді қолдану немесе тіпті планшеттің стикерінде соңғы мазмұнды жаңарту уақытын белгілеу.

Akelius-тің құрылғыларын қарапайым орнату (МІНДЕТТІ ЕМЕС – ТЕК КЕЙБІР ЕЛДЕР ҮШІН)

- «Magic Box» функциясын (құрылғыны оңай орнатуға арналған қорап) пайдалану арқылы тілдік курсты жүктеу уақытын жылдамдатуға болады. Бұл опция жоба конфигурациясына және жоба серіктестерінің АТ мүмкіндіктеріне байланысты кейбір елдерде қолжетімді.
- Қосымша ақпарат алу үшін UNICEF-тің жергілікті Akelius жобасы жетекшісіне хабарласыңыз.

4. Планшеттерді мектептерге тарату

Планшеттерді баптағаннан кейін, Akelius қолданбасын және тілдік курсты жүктегеннен кейін планшеттерді мектептерге беруге болады.

Ескерілуі қажет факторлар:

Тасымалдау

- Жобаның басында планшеттерді мектептерге қалай жеткізесіз?
- Егер мектептер Akelius тілдік курстарын жаңартумен өздері айналыспаса, сіз планшеттерді мектептерден қалай алып, оларды жылына екі-үш рет қайтадан қалай таратасыз?
- Егер сіз планшеттерді мектептерге жіберу үшін курьерді қолдансаңыз, сақтандыру туралы ойлануыңыз керек.
 - Есіңізде болсын, курьер ашылған планшет қораптарын қабылдамауы мүмкін (бұл сізге тікелей қатысты, өйткені сіз планшеттерді баптап қойғансыз).
- Егер сіз планшеттерді тасымалдау үшін әуе кемелерін пайдалануды жоспарласаңыз, литий аккумуляторларына шектеулер бар екенін ескеріңіз, олар мұндай тасымалдауға кедергі келтіруі мүмкін.

Білім беру мекемелерінің жұмыс тәртібі

- Атап айтқанда, формалды білім беру жүйелерінде – мектептерде планшеттерді ақысыз немесе қарызға беруге қатысты ережелер мен нормалар болуы мүмкін.
- Кейбір жағдайларда АТ жабдықтарын алуға рұқсат қажет болуы мүмкін, ал басқаларында түгендеу тізіміндегі планшеттерді есепке алу және планшеттерді басқару мен қызмет көрсетуге жауаптыларды анықтайтын жеке хаттамалар қажет болуы мүмкін. Енгізу кезінде кідіртуге жол бермеу үшін бұл мәселелерді әр мектеппен алдын ала нақтылау қажет.
- Кейбір мектептерде балалардың АТ құрылғыларын немесе интернетті пайдалануына тыйым салатын арнайы ережелер болуы мүмкін. Планшеттер мектептерге жіберілуі, балаларға интернетке қосылуға рұқсат етілуі үшін мұны іріктеу процесіне қатысушы мектептерден нақтылау қажет. Мектептердегі оқушыларға интернетке кіруге рұқсат етілмеген жағдайларда Akelius-ты офлайн пайдалану қолайлы нұсқа болып табылады.

Оқытылатын тілдегі (тілдердегі) барлық қолжетімді деңгейлер үшін планшеттерде курстың барлық МАЗМҰНЫ жүктелуі өте маңызды. Бұл мұғалімдер мен оқушыларға офлайн-режимде жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Елге қарамастан, әдетте мектептердегі интернеттің 99%-ы планшеттерді біруақытта 10-нан астам оқушы пайдаланса, желіде пайдалану үшін жеткіліксіз.



ЮНИСЕФ Қазақстан

Мекенжайы:

- Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
10 Бейбітшілік к-сі, 1 блогі
- +7 (7172) 32-29-69, 32-28-78
- nur-sultan@unicef.org

Бізге жазылыңыздар:

- [UNICEFKazakhstan](https://www.facebook.com/UNICEFKazakhstan)
- [@unicefkaz](https://twitter.com/unicefkaz)
- [@unicefkazakhstan](https://www.instagram.com/unicefkazakhstan)
- [@unicefkazakhstan](https://www.tiktok.com/@unicefkazakhstan)
- <https://www.unicef.org/kazakhstan/>